

2016 жылға арналған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің бюджеті бойынша ақпарат

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің қызметін орындау үшін ағымдағы жылда екі стратегиялық бағыттар бойынша 722,6 млрд. теңге бөлінген, оның ішінде:

1. Елдің индустриалды-инновациялық дамуына қолайлы жағдай құруға, өнеркәсіптік қауіпсіздігімен және ғарыштық инфрақұрылымымен қамтамасыз етуге – 191,2 млрд. теңге;
2. Озып жатқан көліктік инфрақұрылымның дамуы үшін экономиканың талабын қамтамасыз етуге және транзиттік потенциалды іске асыруға - 521,4 млрд. теңге.

Жоспарланған шығыстардың негізгі бағыттары бағдарламаларда және стратегиялық құжаттарда шаралармен анықталған.

«Елдің индустриалды-инновациялық дамуына қолайлы жағдай құруға, өнеркәсіптік қауіпсіздігімен және ғарыштық инфрақұрылымымен қамтамасыз ету» бағыты шеңберінде қаржы келесі шараларға бағытталады:

- өнеркәсіп саласын дамыту үшін қолайлы жағдай құруға және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге – 152,6 млрд. теңге, оның ішінде («құпия» грифiмен бюджеттік бағдарламадан басқа):

- Индустриалдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру үшін «ҚДБ» АҚ-ын кредиттеуге - 75 млрд. теңге;

- кейіннен жалға берілетін тұрғын үйді салу және эксплуатацияға енгізу үшін «ҚДБ» АҚ-ын қаржыландыру үшін - 19,1 млрд. теңге (ҚИК ИҰ АҚ);

- тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша өтемақы төлеуге - 18,7 млрд. теңге (ҚТҚЖБ);

- «КазЭкспортГарант» Экспорттық - кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайтуға отандық экспорттаушыларды қолдауға - 14 млрд. теңге;

- экономиканың басым салаларындағы жобаларды қаржыландыруға және «Өнімділік 2020» бағдарламасы бойынша

лизингтік қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ кредиттеуге - 10 млрд. теңге;

- үлестік салымдарды кепілдендіру механизмін іске асыруға - 10 млрд. теңге («ИККҚҚ» АҚ);

- қазақстандық тауарлардың сыртқы нарыққа экспортын ілгерілетуге жәрдемдесуге - 1,7 млрд. теңге;

- қолданбалы ғылыми зерттеулерге - 1,2 млрд. теңге;

- ҚР индустриалды дамыту саласында зерттеулерге - 1,1 млрд. теңге;

- жергілікті қамтуды дамытуға жәрдемдесуге - 656 млн. теңге;

- «Өнімділік-2020» бағыты шеңберінде жаңа өндірістерді құруды, жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту мен сауықтыруды қолдауға - 478 млн. теңге;

Елбасының қатысуымен Индустриализация картасының жобаларын презентациялау бойынша телекөпірлер жүргізуге - 178 млн. теңге.

Қаржыны салу нәтижесінде:

- экономиканың нақты секторын кредиттеу көлемі 150 млрд. теңгеге ұлғаяды;

- түрлі санаттағы халыққа төменгі пайызбен құқығымен және сатып алу құқығынсыз ұзақ мерзімге делдалсыз жалға беру мақсатында жалға беретін тұрғын үй құрылысының көлемінің ұлғаяды («ҚИК» ИҰ АҚ);

- «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – дағы тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша өтемақы төленеді;

- кәсіпорындардағы өндірісті жаңарту;

- тұрғын үй құрылысын кепілдендіру механизмінің іске асырылуы қамтамасыз етіледі («ИККҚҚ» АҚ);

- 170 млн. АҚШ долларға экспорттық келісімшарттар жасасады;

- елдің индустриялық дамуы саласында 7 тақырыптық зерттеулер жүргізілетін болады;

- бәсекеге қабілетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді отандық өндірісте орнықты дамыту үшін жергілікті қамтуды дамытуға жәрдемдесу көрсетіледі;

- 29 кәсіпорынның еңбек өнімділігін арттыруға мемлекеттік қолдау көрсетіледі;

- елбасының қатысуымен Индустриализация картасының жобаларын презентациялау бойынша телекөпірлер жүргізіледі.

- экономика саласының энерготиімділігін көтеруге – 421 млн. теңге.

Аталмыш қаржылардың шеңберінде:

- мемлекеттік энергетикалық реестрді (МЭР) енгізу және қалыптастыру;

- энергосервис қызметтері нарқын дамыту, оның ішінде Энерготиімділік картасын қалыптастыру;

- 2020 жылға энергосервис механизмінің шарттары арқылы энерготиімділік саласында 100-ден аса жобаларды іске асыру;

- 2020 жылдан бастап энергоресурстарды сатып алуда 10 млрд. теңге бюджеттік қаражаттарды үнемдеу қамтамасыз етіледі.

- инвестициялық ахуалды жақсартуға, оның ішінде экономикаға ТҰК-ын тарта отырып шикізат емес салаға – 4,8 млрд. теңге, оның ішінде:

- Индустриалдық аймақтың орнығуына инфрақұрылымдық құрылысына нысаналы трансферттер (Алматы қ.) – 2,5 млрд. теңге;
- Қазақстан Республикасына инвестицияларды тарту бойынша көмек көрсетуге – 2,3 млрд. теңге.

Қаржыны салу нәтижесінде:

- негізгі капитал шикізат емес секторға инвестициялар 119,9% құрады;
- 26 инвестициялық келісімшарттар жасасты;
- енгізілген Global-2000 компаниялардың тізімінен 7 арнаулы инвесторлар тартылды.

- ұлттық инновациялық жүйені дамытуға жәрдемдесу – 6,4 млрд теңге, оның ішінде:

- «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА инфрақұрылымдық құрылысқа (ішкі және сыртқы жүйелер) - 3,8 млрд. теңге;
- «Инновациялық технологиялар паркі» автономиялық кластерге мақсатты қаржы аудару – 1 млрд. теңге;
- ұлттық инновациялық жүйе институттарының қызметтерін төлеуге – 960 млн. теңге;
- «Инновациялық технологиялар паркі» автономиялық кластерін дамытуға және қызмет атқаруға - 350 млн. теңге;
- инновациялық белсенділікті ынталандыруын қамтамасыз етуге – 250 млн. теңге;
- инновациялық гранттарды беруге – 98 млн. теңге.

Қаржыны салу нәтижесінде:

- «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА инфрақұрылымының екінші кезектегі құрылысы жасғастырылған;
- технопарктердің қызметі, конструкторлық бюро және 5 технологиялық трансферттердің халықаралық орталықтары қамтамасыз етілді және ҒЗТҚЖ жобалары мен технологиялық трансферттер жобаларын қоса 12 жобаларды іске асыруға жәрдем берілді;
- Инновациялық конгресс және инновациялық жобалардың көрмелері өткізілді;
- Елбасының басшылығымен Қамқоршылық кеңес өткізілді;
- инновациялық гранттар ұсынылды;
- ТҰК бірлесіп 2 Орталық (технологиялық және жаңа материалдар) құрылатын болады;
- шетелдік инвестициялық қорда үлестік қатысу арқылы 50 жобаны қаржыландыру.

- техникалық реттеу және метрология ұлттық жүйесі сәйкестігі деңгейін халықаралық жүйемен сәйкестендіру – 2 млрд. теңге.

Қаржыны салу нәтижесінде:

- 10 экономика саласына 750 стандарт әзірленеді;
- Астана қаласындағы эталондық орталықтың қызметі қамтамасыз етіледі;
- ҚР эталондық базасы жаңартылады;
- 100 кәсіпорында сапа менеджменті жүйесі енгізіліп сертификатталынады;

- ҚР Президентінің «Алтын сапа» премиясына талапкерлер конкурсы және «Қазақстанның үздік тауары» республикалық конкурс-көрмесі өткізіледі;

- Техникалық регламенттер мен стандарттардың мемлекеттік қорында нормативтік құжаттар санын 68,5 мыңнан 69,5 мыңға дейін жеткізілуі қамтамасыз етіледі;

- аккредитациялау бойынша ,ILAC және IAF, стандарттау бойынша CEN, CENELEC халықаралық ұйымдарына Қазақстанның қатысуы қамтамасыз етіледі;

- ҚР бизнес-қоғамын санитарлық және фитосанитарлық шаралар бойынша саудадағы техникалық кедергілер туралы және ЕАЭЫ техникалық регламенттерімен байланыстырылып әзірленетін техникалық регламенттер мен стандарттар жайлы уақытында ақпараттандырумен қамтамасыз етіледі.

- Қазақстан Республикасы территориясының геологиялық зерттелуін арттыру – 13,8 млрд. теңге, оның ішінде:

- жерасты суларын іздестіру-барлау жұмыстарына – 6,6 млрд. теңге;

- аймақтық, геологиялық-түсіру мен іздестіру-бағалау жұмыстарына – 6,0 млрд. теңге;

- минералды-шикізат базасы мен жер қойнауын пайдалану, жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процесстердің мониторингіне - 709 млн. теңге;

- мұнай-газ скважиналарын жою және консервациялауға - 375 млн. теңге;

- геологиялық ақпаратты қалыптастыруға және Қазақстан Республикасында өндіру салалары қызметінің ашықтығы бастамасын іске асыруға - 200 млн. теңге.

Қаржыны салу нәтижесінде:

- қатты пайдалы қазбалардың негізгі түрлерінің болжамды ресурстары көлемінің өсімі: алтын – 102 тонна, мыс – 1 млн. тонна, полиметалл – 3,3 млн. тонна;

- ауылдық елді тұрғындарын ішетін су қорымен 32%-дан 47%-ға дейін, ірі елді мекендерді 47,2%-дан 65,2% -ға дейін.

- аймақтарда гидрогеологиялық зерттеулер жүргізу үшін ҚР қолжетімді аумағы 12,2%-дан 13,3%-ға ұлғайту;

- пайдаланушыларды анықталған геологиялық ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

- бәсекелестікке қабілетті туристік индустрияны құру – 219 млн. теңге.

Қаражаттар Қазақстанның 7 халықаралық туристік көрмеге, сондай-ақ әр-түрлі имидждік іс-шараларға қатысуына және Қазақстанның туристік Интернет-ресурсын сүйемелдеуге бағытталатын болады.

Халықаралық көрмелер қатысушы-мемлекеттің дамуы мен мәртебесін көрсетеді, шет елдік мемлекет туралы жоғары ақпараттандыру құралы болып табылады.

Қаржыны салу нәтижесінде 2013 жылдың деңгейімен салыстырғанда салыстырғанда келу туризмі бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер санының артуы 4%-ға және ішкі туризм бойынша 13,2%-ға дейін қамтамасыз етіледі.

- экономика мен қоғамның ғарыш өнімдері мен қызметтері деген сұраныстарын қанағаттандыру – 10,6 млрд. теңге, соның ішінде:

- Қазақстандағы ғарыш инфрақұрылымының орасан зор объектілерінің бірі ғарыш аппараттарының құрастырма-сынақ кешенін құруды жалғастыруға арналған. Бұл үлкен заман талабына сай зауыт болады, оның цехтарында қазақстандық мамандармен әртүрлі мақсаттағы спутниктерді жобалау, құрастыру және сынау өткізілетін болады - 5 млрд. теңге;

- ғарыш аппаратын жобалау, құрастыру және сынау технологиясын жетілдіру, Жер ионосферасына ғылыми зерттеулер жүргізу үшін жерүсті кешені мен ғарыш сегментінен тұратын ғылыми-технологиялық мақсаттағы ғарыш жүйесін құруды жалғастыруға арналған (жалпы құны - 7,5 млрд. теңге, 2016 жылға дейін - 6,2 млрд. теңге бөлінді) - 1,2 млрд. теңге;

- 2,7 млрд. теңге «KazSat» ғарыш жүйесі мен жерді қашықтықтан зондтау ғарыш аппараттарын сақтандыруға және техникалық қолдауға арналған;

- «Байқоңыр» кешенінің 131 объектісін (15 күзет орны) кәдеге жаратуды, қайта құнарландыруды, жөндеуді ұйымдастыру және сақталуын қамтамасыз ету үшін - 199 млн. теңге;

- мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (өтеусіз негізде) Қазақстан Республикасының Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінен алынатын ғарыш суреттерін ұсыну жөніндегі қызметтерге арналған - 226 млн. теңге;

- қолданбалы ғылыми зерттеулерге арналған - 395 млн. теңге;

- автокөлік жолдарында жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өлім көрсеткішін азайтуға, қауіпсіздігін жоғарылатуға арналған авариялар мен апаттар кезіндегі шұғыл шақыру жүйесін құруға жоспарланып отыр. Осы жүйені енгізу ЖКО-да шұғыл жедел қызметтерінің әрекет ету уақытын орта есеппен 30%-ға азайтуға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде ЖКО салдарының ауырлығын төмендетеді және жәбірленгендерге уақытылы көмекті көрсетуге мүмкіндік береді - 0,8 млрд. теңге.

«Озып жатқан көліктік инфрақұрылымын дамуы үшін экономиканың талабын қамтамасыз етуге және транзиттік потенциалды іске асыру» бағыты шеңберінде қаржы келесі шараларға бағытталады, соның ішінде:

Республикалық маңызы бар автожолдарды дамытуға 376,8 млрд. теңге, оның ішінде республикалық маңызы бар автожолдарды салу мен қайта жаңартуға 327,3 млрд. және 47,3 млрд. теңге күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, күтіп-ұстау мен көгалдандыруға көзделуде. Бұдан басқа, салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау және орындалған жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру қызметтеріне 2,2 млрд теңге.

Негізгі жүзеге асырып жатқан жобалар Батыс Еуропа - Батыс Қытай дәлізін, Орталық-Оңтүстік және Орталық-Шығыс автожол бағытарын

реконструкциялау, сондай-ақ басқа да халықаралық дәліздерді қалпына келтіру болып табылады.

2016 жылы жалпы ұзындығы 769 км жол реконструкциялануда (жұмыстарды аяқтау және жол жамылғысының 300-ден астам пайдалануға беру), 1 067 км орташа және 63 км күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Жол төсемін жыл сайын пайдалануға беру нәтижесінде автокөлік құралдардың қауіпсіз жүріп өту көрсеткіштері жақсартылып, жүк ағынының өсуі байқалып, автожолдарда адамдардың қаза табу жағдайлары азайтылуда.

Орындалатын жұмыстардың сапасы төмендеуін, республикалық маңызы бар жолдар мен көпірлердің техникалық жағдайын нашарлануын болдырмау үшін, 16 облыстық «Облжолзертханасы» РММ қызметі жүзеге асырылуда.

Жол - жөндеу жұмыстарының сапасына бақылауды сондай-ақ ұзақтығы 22 063 км. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының учаскелерінде жол – жөндеу жұмыстарын күтіп ұстау сапасына бақылауды жүзеге асыру қарастырылып отыр.

Іс шараларды жүзеге асырылуы елдегі автожол саласының күйін сипаттайтын халықаралық көрсеткіштерді жақсартуға жағдай жасайды. I немесе II техникалық санатқа сәйкес 7 724 км дейін республикалық маңызы бар негізгі автомобиль жолдарының ұзақтығын арттыру сондай-ақ «Жолдардың сапасы» индикаторы бойынша ДЭФ ЖБИ рейтингінде көтерілу жоспарланып отыр.

Облыстардың және Астана мен Алматы қалалары әкімдіктерінің сұраныстарына сәйкес **автожолдардың жергілікті желісіне трансферттер – 50,8 млрд. теңгені** құрайды, соның ішінде:

- 13,7 млрд. теңге облыстық бюджеттерге облыстық және аудандық маңызы бар автожолдарға (құрылыс пен реконструкциялау бойынша 16 жоба мен жөндеу бойынша 9 жоба);

- 24,7 млрд. теңге Астана қаласының көшелеріне (көшелерін участкесі 30 жоба);

- 12,4 млрд. теңге Алматы қаласына (3 көлік жолаушыларын және 2 көшені ұзартуды жалғастыру).

Азаматтық авиация саласы бойынша 15,6 млрд. теңге қарастырылған, оның ішінде келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

- 11,1 млрд. теңге көлемінде Қазақстан Республикасы әуежайларының (Астана, Шымкент, Қостанай қ.қ.) жарғылық капиталын ұлғайтуға;

- 979 млн. теңге сомасында 9 әуерейстерді субсидиялауға. Тұрақты ішкі әуерейстерді субсидиялау орталықты аймақтармен, аймақты аймақтармен қосуын, жолаушылардың айналымын арттыруын және әуеқызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Анықтама:

1. Көкшетау – Ақтау - Көкшетау (235 млн. теңге);

2. Алматы – Көкшетау – Алматы (158 млн. теңге);
3. Алматы – Петропавл – Алматы (172 млн. теңге);
4. Алматы – Урджар – Алматы (47 млн. теңге);
5. Астана – Петропавл – Астана (75 млн. теңге);
6. Қарағанды – Қызылорда – Қарағанды (71 млн. теңге);
7. Қарағанды – Өскемен – Қарағанды (55 млн. теңге);
8. Астана – Балқаш – Астана (91 млн. теңге, жаздық кезеңде);
9. Алматы – Балқаш – Алматы (73 млн. теңге, жаздық кезеңде).

- 3,5 млрд. теңге Петропавл қаласындағы және Семей қаласындағы әуежайларын жаңартуға.

Су көлігі саласы бойынша 5,4 млрд. теңге көзделіп отыр, оның ішінде:

- 5,3 млрд. теңге су жолдарын кеме қатынайтын жайында және шлюздерді ұстауды қамтамасыз ету үшін 4 қазыналық су жолдары кәсіпорындарын ұстауға.

Ішкі су жолдарының жалпы ұзақтығы 4 040,5 км құрайтын кеме қатынайтын учаскілерін ұстау кеме қатынасының қауіпсіз жүзеге асырылуы бойынша жағдайын жасайды. Ертіс өзенінде кемелердің су қоймалары деңгейлері арасында қауіпсіз және еркін өтуін қамтамасыз ететін Өскемен, Бұқтырма және Шүлбі шлюздері пайдаланылады. Сондай-ақ мемлекеттік техникалық өцен флотын жаңарту және жаңғырту бойынша іс-шараларды іске асыру қаралған.

- 119 млн. теңге «Өзен-теңіз» ішкі су жүзуіндегі кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бөлінген (*тұрғылықты орнына бару арқылы кемелерді техникалық куәландыру, кемелердің сыныбын беру, алып тастау және тоқтату, Кеме қатынасы тіркелімімен сыныпталған кемелерге техникалық есеп жүргізу, кемелерді салу, жаңарту, қайта жарақтау, жаңғырту және жөндеуге, кемелерді қолдану кезінде және жобалау мақсатында қолданылатын бұйымдар мен материалдарды әзірлеу және жөндеуге техникалық құжаттамаларды қарау және келісу*).

Теміржол саласында облысаралық және халықаралық қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шыңындарын **25 млрд. теңге** соммасында субсидиялау қарастырылған.

Анықтама:

әлеуметтік маңызы бар 60 облысаралық қатынасты субсидиялау жоспарланып отыр; әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша жолаушылар айналымы 14,9 млрд. пкм. жоспарланып отыр;

парктері жандандыру 24 вагон санында жоспарлануда.

Сонымен қоса, осы салада **730 млн. тенге** көлемінде әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдаушының және вагондар (контейнерлер) операторының вагондарды сатып алуын несиелеуде немесе қаржы лизингінде сыйақы мөлшерлемесі субсидияланады.

Сонымен қоса, теміржол жолаушылар вагондары жылжымалы құрамын паркін жандандыру үшін **12,9 млрд. теңге** соммасында жолаушылар вагондарын тасымалдаушылармен жаңартылатын

жолаушылар вагон паркін қаржыландыру үшін «Қазақстан даму банкі» АҚ-ның кредиттенуімен «Байтерек Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ кредиттеледі.

Автокөлік саласының инфрақұрылымын дамытуға **34,1 млрд. теңге** жоспарлануда, соның ішінде:

- Алматы қаласындағы метрополитеннің екінші кезегін (*Сарыарқа ст. және Достық ст.*) салуды жалғастыруға **7 млрд. теңге** мөлшеріндегі нысаналы трансферттері;

- «Астана қаласының жаңа көлік жүйесі. LRT» жобасын іске асыру үшін Астана қаласының бюджетіне **27,1 млрд. теңге** мөлшеріндегі нысаналы даму трансферттері.

Стратегиялық бағыттардан тыс – 10 млрд. тенге. Осы қаражаттар Министрліктің және оның ведомстволарының қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.